

2012 жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдерін және субсидия алушылар тізіміне енгізуге өтінімдерді ұсынудың мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 388 қаулысы. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 маусымда № 9-10-188 тіркелді. Күші жойылды - қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 07-11/1451 хатымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2012.12.26 № 07-11/1451 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 1-129 ұсынысы негізінде Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылғы 10 маусымға дейін - субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2012 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының субсидияланатын түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А. А ли ф е р е ц к е жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 20 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Ж і т і қ а р а

ауданының әкімі

К. Испергенов

КЕЛІСІЛДІ:

"Жітіқара ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Н. Кушербаев

2012 жылғы 7 маусымдағы
№ 388 әкімдік қаулысына
қосымша

2012 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының субсидияланатын түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері	Оңтайлы себу мерзімдері
1	Жаздық бидай, арпа, сұлы, қарақұмық, тары	15 мамырдан 5 маусым аралығы
2	Бұршақтұқымдастар	15 мамырдан 5 маусым аралығы
3	Майлы дақылдар	18 мамырдан 30 мамыр аралығы
4	Жемшөптік, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақтұқымдас шөптер көпжылдық	20 сәуірден 1 тамыз аралығы
5	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан 31 мамыр аралығы
6	Шабандық шалғындандыру үшін жерлерді егілген көпжылдық шөптер	20 сәуірден 1 тамыз аралығы
7	Күздік бидай және қара бидай	15 тамыздан 1 қыркүйек аралығы
8	Көкөніс-бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусым аралығы
9	Картоп	10 мамырдан 31 мамыр аралығы